JOURNAL OF THE NATIONAL CONGRESS OF HISTORIANS
ISSN: 3105-0042. eISSN: 3105-0050

NATIONAL HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Ғылыми мақала / Research Article
ҒТАМА / IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.2.22.37

International competition for a conceptual design for the master plan of the new city centre of Akmola and its place in the history of modern Astana (Kisho Kurokawa and his concept for the development of the new capital of Kazakhstan)

K. Akanov✉
Research Institute for Jochi Ulus Studies, Astana, Kazakhstan
✉*gazizuly85@mail.ru*

Abstract. The history of the development of Kazakhstan's modern capital, the city of Astana (formerly Akmola), is a multifaceted and highly diverse subject of academic research. One of the most significant aspects of this process is the formation of the city's architectural character in the second half of the 1990s, when the Government of Kazakhstan decided to hold a competition for a conceptual design for the master plan for the development of the new centre of Kazakhstan's capital, the city of Akmola (now Astana). The purpose of this study is to conduct a comprehensive examination of the process of organising this international competition, as well as to identify the fundamental role played by the 'metabolist city' project by the eminent Japanese architect Kisho Kurokawa in shaping the contemporary architectural and urban landscape of Astana. Objectives: To examine the historical background and conditions surrounding the international competition, following which the organisers were to select a design whose conceptual idea was to form the basis for the capital's urban development. To analyse the conceptual provisions of the master plan, reflecting the philosophical approach of the competition's winner. To highlight the distinctive features of K. Kurokawa's urban planning concept, which envisaged the creation of a dynamically developing city capable of responding flexibly to changing social, economic and demographic challenges. To examine the impact of the proposed planning solutions on the spatial organisation of the new capital and the development of its transport infrastructure systems of public spaces and the monumental architectural ensemble of the administrative centre. To assess the extent to which the original concept has been realised in practice and the influence of Kisho Kurokawa's creative legacy on contemporary architectural practice in Kazakhstan in the context of the city's ongoing development. The study is based on an examination of documents from the National Archives of the Republic of Kazakhstan, as well as documentary and academic literature on the subject of the study. Based on an in-depth analysis of academic literature, archival materials, competition documentation and other data, the author draws a well-founded conclusion regarding K. Kurokawa's significant contribution to the development of Astana's architectural character. It is noted that, despite natural changes and adjustments to his design, the key ideas of the Japanese architect – relating to the creation of a symbiotic city and the preservation of the principle of harmonious coexistence between the urban and natural environments, in which green spaces were to coexist alongside the development of the city's infrastructure and recreational areas for the capital's residents – remained intact. The victory of the project by Kisho Kurokawa Architect & Associates laid a solid foundation for the formation of Astana's modern identity. Studying the experience of implementing his project is of great theoretical and scientific value for researchers of the history of the formation of the architectural and urban landscape of the current capital of Kazakhstan.

Keywords: new capital, master plan for Astana (Akmola), international competition, architecture, metabolism, symbiosis of city and nature, Kisho Kurokawa

© K. Akanov, 2026

For citation: Akanov K. International competition for a conceptual design for the master plan of the new city centre of Akmola and its place in the history of modern Astana (Kisho Kurokawa and his concept for the development of the new capital of Kazakhstan). *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.5, no.2, pp.22-37. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.2.22.37

Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының жобасына халықаралық байқау және оның қазіргі Астана тарихындағы орны (Кисе Курокава және оның Қазақстанның жаңа астанасын дамыту тұжырымдамасы)

Қ. Ақанов

Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Андатпа. Қазақстанның қазіргі астанасы – Астана қаласының (бұрынғы атауы – Ақмола) қалыптасу тарихы ғылыми зерттеудің ауқымды әрі көпқырлы нысаны болып табылады. Бұл үдерістің маңызды қырларының бірі – 1990-жылдардың екінші жартысында қаланың сәулеттік келбетінің қалыптасуы. Дәл осы кезеңде Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстанның жаңа астанасы – Ақмола қаласының (қазіргі Астана) жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының тұжырымдамалық эскизін әзірлеуге халықаралық конкурс өткізу туралы шешім қабылдады. Зерттеудің мақсаты – аталған халықаралық конкурсты ұйымдастыру және өткізу үдерісін кешенді түрде зерделеу, сондай-ақ көрнекті жапон сәулетшісі Кисё Курокаваның «метаболистік қала» жобасының Астананың қазіргі сәулеттік-қала құрылыстық келбетін қалыптастырудағы айқындаушы рөлін анықтау. Халықаралық байқау өткізудің тарихи алғышарттары мен шарттарын қарастыру, оның қорытындысы бойынша байқау ұйымдастырушылары елорданың қала құрылысын дамытудың негізіне айналуы тиіс концептуалдық идеясы бар жобаны таңдауға тиіс болды. Жеңімпаз байқаудың философиялық көзқарасын көрсететін бас жоспардың концептуалдық ережелерін талдау. К. Курокаваның қала құрылысы концепциясының ерекшеліктерін ашу, оның әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістерге икемді жауап бере алатын динамикалық дамып келе жатқан қаланы құруды көздегенін көрсету. Ұсынылған жоспарлау шешімдерінің жаңа елорданың кеңістіктік ұйымдастырылуына, оның көлік инфрақұрылымының дамуына, қоғамдық кеңістіктер жүйесіне және әкімшілік орталықтың монументалды архитектуралық ансамбліне әсерін зерттеу. Бастапқы жоспардың іске асырылу дәрежесін және Кисё Курокаваның шығармашылық мұрасының қаланың одан әрі құрылыс барысындағы Қазақстанның қазіргі архитектуралық тәжірибесіне ықпалын бағалау. Зерттеу Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің құжаттарын, сондай-ақ тақырыпқа қатысты деректі және ғылыми әдебиеттерді зерделеуге негізделген. Ғылыми әдебиеттерге, архивтік материалдарға, байқау құжаттамасына және басқа да деректерге жүргізілген терең талдау негізінде автор К. Курокаваның Астананың сәулеттік келбетін қалыптастыруға қосқан зор үлесі туралы негізді тұжырым жасайды. Жобаға табиғи өзгерістер мен түзетулер енгізілгеніне қарамастан, жапон сәулетшісінің «симбиотикалық қала» құру және қалалық орта мен табиғаттың үйлесімді өмір сүру қағидатын сақтау идеялары өз маңызын жоғалтпағаны атап өтіледі. Оның концепциясы бойынша жасыл желектер қала инфрақұрылымымен және тұрғындардың демалыс орындарымен тығыз үйлесім табуы тиіс еді. Kisho Kurokawa architect & associates компаниясы жобасының жеңіске жетуі Астананың қазіргі заманғы келбетін қалыптастыруға берік іргетас

қалады. Оның жобасын іске асыру тәжірибесін зерделеу Қазақстан астанасының сәулеттік және қала құрылысы сипатының қалыптасу тарихын зерттеушілер үшін жоғары теориялық және ғылыми құндылыққа ие.

Түйін сөздер: жаңа астана, Астана (Ақмола) қаласының бас жоспары, халықаралық конкурс, сәулет өнері, метаболизм, қала мен табиғаттың симбиозы, Кисё Курокава.

Сілтеме жасау үшін: Аканов К. Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының жобасына халықаралық байқау және оның қазіргі Астана тарихындағы орны (Кисе Курокава және оның Қазақстанның жаңа астанасын дамыту тұжырымдамасы). *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.5, no.2, pp.22-37. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.2.22.37

Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының тұжырымдамалық жобасына арналған халықаралық конкурс және оның қазіргі Астана тарихындағы орны (Кисё Курокава және Қазақстанның жаңа астанасын дамыту тұжырымдамасы)

К. Аканов

Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Аннотация. История становления современной столицы Казахстана, города Астаны (ранее Акмолы), представляет собой многогранный и весьма разносторонний объект научного исследования. Одной из важнейших сторон этого процесса является формирование архитектурного облика города во второй половине 1990-х годов, когда Правительство Казахстана решило провести конкурс на эскиз-идею генерального плана развития нового центра столицы Казахстана города Акмолы (ныне Астаны). Цель исследования заключается в комплексном изучении процесса организации данного международного конкурса, а также в определении фундаментальной роли проекта «метаболистического города» выдающегося японского архитектора Кисё Курокавы в формировании современного архитектурно-градостроительного облика Астаны. Рассмотреть исторические предпосылки и условия проведения международного конкурса, по итогам которого организаторы конкурса должны были выбрать проект, концептуальная идея которого должна была лечь в основу градостроительного развития столицы. Проанализировать концептуальные положения генерального плана, отражающие философский подход победителя конкурса. Раскрыть особенности градостроительной концепции К. Курокавы, предусматривавшей создание динамично развивающегося города, способного гибко реагировать на изменяющиеся социальные, экономические и демографические вызовы. Исследовать влияние предложенных планировочных решений на пространственную организацию новой столицы, развитие ее транспортной инфраструктуры, системы общественных пространств и монументального архитектурного ансамбля административного центра. Оценить степень практической реализации первоначального замысла и влияние творческого наследия Кисё Курокавы на современную архитектурную практику Казахстана в процессе дальнейшей застройки города. Исследование основывается на изучении документов Национального архива Республики Казахстан, документальной и научной литературы по теме исследования. На основе глубокого анализа научной литературы, архивных материалов, конкурсной документации и других данных

автор делает обоснованный вывод о значительном вкладе К. Курокавы в развитие архитектурного облика Астаны. Отмечается, что, несмотря на естественные изменения и корректировки его проекта ключевые идеи японского архитектора, связанные с созданием симбиотического города и сохранением принципа гармоничного существования городской и природной среды, в котором зеленые насаждения должны были соседствовать с развитием инфраструктуры города и мест для отдыха столичных жителей. Победа проекта комнании Kisho Kurokawa architect & associates заложило прочный фундамент для формирования современной идентичности Астаны. Изучение опыта реализации его проекта представляет высокую теоретическую и научную ценность для исследователей истории формирования архитектурного и градостроительного облика нынешней столицы Казахстана.

Ключевые слова: новая столица, генплан Астаны (Акмолы), международный конкурс, архитектура, метаболизм, симбиоз города и природы, Кисе Курокава

Кіріспе

Бұрын халқы небәрі 290 мың адамды құраған шағын Ақмола қаласы әрі Ақмола облысының әкімшілік орталығы Қазақстан Республикасының астанасы мәртебесіне ие бол-ғанына да отыз жылға жуық уақыт өтті. Осы тарихи шешімнен кейін қаланың түбегейлі жаңғыру және тек республикалық қана емес, халықаралық деңгейдегі орталық – Астана қаласы ретінде қалыптасу үдерісі басталды. Бүгінде Астана – әлем жұртшылығына кеңінен танылған қала. Мұнда ЕҚЫҰ саммиті, Азиада, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі, халықаралық экономикалық форум сияқты ауқымды халықаралық іс-шаралар өтті. Қазіргі таңда Астананың салынуы мен қалыптасу тарихының өзі дербес зерттеу нысанына айналған шақта елорданың дамуына және оның бүгінгі халықаралық беделінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан тұлғаларды еске алу маңызды. Солардың бірі – Астана қаласының Бас жоспарының бас әзірлеушісі, әлемге әйгілі жапон сәулетшісі Кисё (Кишо) Курокава. Оның жобасы Қазақстан астанасының бас жоспарын әзірлеуге арналған халықаралық конкурста жеңімпаз атанып, елорданың қазіргі келбетінің қалыптасуына негіз болды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде «Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының тұжырымдамалық жобасына арналған халықаралық конкурсты өткізу жөніндегі Үкіметтік комиссия» атты 51-қорда сақталған конкурс құжаттары пайдаланылды. Сондай-ақ «Астананы дамыту корпорациясы» ЖШС-нің 90-қорында сақталған «Қазақстан Республикасындағы Астана қаласын дамытудың бас жоспарын әзірлеу жөніндегі зерттеу» есебі маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Бұл құжатта жапон сәулетшісі Кисё Курокаваның жобалық тұжырымдамасы жан-жақты түсіндірілген. Сонымен қатар зерттеу барысында халықаралық конкурстың өткізілу тәртібі баяндалған «Қазақстан астаналары» атты құжаттар мен материалдар жинағы да пайдаланылды. Конкурс құжаттарын зерделеу барысында деректанулық талдау жүргізіліп, тарихи-генетикалық әдіс қолданылды. Бұл әдіс конкурсты өткізудің

алғышарттарын, оны ұйымдастыру үдерісін, қорытындысын шығаруды және жеңімпаз жобаның жүзеге асырылуын айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге тарихи реконструкция әдісі қолданылып, 1998 жылғы халықаралық конкурстың дайындық кезеңінен бастап жеңімпазды жариялауға дейінгі бүкіл барысы қалпына келтірілді. Бұдан басқа, Кисё Курокава жобасының басты ерекшеліктерін анықтау үшін тарихи-типологиялық әдіс пайдаланылды. Ал тарихи-жүйелік әдіс Үкіметтің конкурсты ұйымдастыру қызметі, конкурстық комиссияның жұмысы және конкурс нәтижелерінің елорданың кейінгі дамуына ықпалы арасындағы өзара байланысты кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік берді.

Әдеби шолу

Кисё Курокаваның сәулет мұрасы мен оның Қазақстан астанасының, сондай-ақ әлемнің бірқатар ірі қалаларының сәулеттік келбетінің қалыптасуына қосқан үлесі тақырыбы қазақстандық және шетелдік ғалымдар тарапынан үлкен ғылыми қызығушылық тудырып келтінін айта кету керек.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектері арасында сәулет саласының мамандары Ш.У. Матайбековтың, Б.Ф. Досмағамбетовтің, С.М. Тюриннің, М.Е. Нещадимнің, К.И. Самойловтың, Т.Б. Табыстың, А.М. Мұлдағалиеваның және басқа да ғалымдардың еңбектерін атап өткен жөн (Матайбеков 2006; Досмағамбетов 2011; Тюрин және т.б. 2018; Нещадим, Самойлов 2021; Нещадим, Самойлов 2022; Табыс және т.б. 2023). Аталған зерттеушілер Кисё Курокаваның Бас жоспар жобасын жан-жақты талдап, оның тұжырымдамалық негіздерінің қалыптасу бастауларын ашып көрсетті. Сонымен қатар олар «метаболизм», «метаболистік қала», «симбиоз», «абстрактілі символизм», «қаланың урбанистік дамуы мен табиғи ортаның үйлесімді қатар өмір сүруінің қажеттілігі», «қаланың ескі және жаңа сәулетінің сабақтастығы» сияқты ұғымдардың мазмұнын ғылыми тұрғыдан түсіндірді. Тарих ғылымы саласының мамандары Г.А. Алпыспаева, Ш.Н. Саяхимова, Р.О. Туксаитова, К.М. Ильясова, С.А. Бағдатова, А.А. Дадырова және басқа да зерттеушілер Астана қаласының қалыптасу тарихына, бұрынғы бас жоспарлардың әзірленуіне, астананы көшіру туралы шешімнің қабылдануына, сондай-ақ халықаралық конкурсты ұйымдастыру мен өткізу мәселелеріне ерекше назар аударды. Осы ғылыми негізге сүйене отырып, олар Кисё Курокаваның Еуразия кеңістігінің мәдениеттері тоғысқан жаңа астана туралы көзқарасын, сәулеттік тұжырымдамасын қалай жүзеге асырғанын түсіндіруге ұмтылды. Ғалымдардың пайымдауынша, оның жобасында дүниенің әр түкпірінен келген мәдени дәстүрлер үйлесім тауып, сан алуан сәулеттік нысандар мен қаланың ортағасырлық Бозоқ қонысынан бүгінгі заманға дейінгі көпғасырлық тарихи сабақтастығы біртұтас идея аясында көрініс тапқан (Алпыспаева 2008; Алпыспаева және т.б. 2016; Ильясова, Бағдатова 2017; Дадырова және т.б. 2020; Мұлдағалиева және т.б. 2024).

Шетелдік ғалымдардың еңбектері арасында В.М. Бадлуева, В.А. Кравченко, И.Л. Першина, Л.Г. Дирксен, О.А. Иванова, Ю.А. Закирова, Т.С. Хакимова, С.С. Ипполитов, Н.Г. Благовидова және басқа да зерттеушілердің еңбектерін ерекше атауға болады. Олар да Кисё Курокаваның бұрынғы жобаларының тарихын және оның сәулеттік тұжырымдамалық көзқарастарының қалыптасу эволюциясын жан-жақты зерттеген.

Сонымен бірге аталған авторлар Кисё Курокаваның Бас жоспарының артықшылықтарымен қатар кемшіліктеріне де ғылыми тұрғыдан баға берген. Атап айтқанда, бірқатар зерттеушілер жапон сәулетшісі Қазақстан астанасындағы халық санының қарқынды өсу қарқынын толық ескермегенін орынды көрсетеді. Мұндай демографиялық өсім тұрғын үй құрылысын жедел қарқынмен жүргізуді және жол-көлік инфрақұрылымын ауқымды түрде дамытуды талап етті. Соның салдарынан бастапқы бас жоспарға уақыт өте келе елеулі өзгерістер енгізуге қажеттілік туындады (Бадлуева 2009; Кравченко, Першина 2013; Дирксен 2016; Иванова 2017; Закирова, Хакимова 2018; Ипполитов 2023; Благовидова, Иванова 2024).

Нәтижелер

Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының тұжырымдамалық жобасына арналған халықаралық конкурсты ұйымдастыруға дайындық жұмыстары 1998 жылдың наурыз айында басталды. Бұл үдеріс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 наурыздағы «Халықаралық конкурс өткізу мәселелері туралы» қаулысынан бастау алды. Аталған құжатта екі негізгі міндет айқындалды. Бірінші міндет – халықаралық конкурстың өзін өткізу болса, екінші міндет – Ақмола қаласының әкімі, сондай-ақ Ақмола арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесінің төрағасы А.Р. Жақсыбеков басқаратын конкурстық комиссияны құру болды[1].

Конкурс ережелеріне сәйкес, оның негізгі мақсаты – қатысушылар ұсынған материалдар негізінде Қазақстанның жаңа астанасы – Астана қаласының жаңа орталығын салуға барынша қолайлы, ұлттық, табиғи-климаттық, экологиялық және өзге де жағдайларға сәйкес келетін аумақтың орналасу орнын анықтау болды.[2] Сонымен қатар конкурс аясында қаланың әрі қарай дамуына арналған перспективалы аумақтарды айқындау, оларды қолданыстағы құрылыс жүйесімен байланыстыра отырып қарастыру; қаланың жоспарлау құрылымы мен сәулеттік бейнесін шешу; сондай-ақ негізгі қолданыстағы магистральдарды ескере отырып, қаланың көлік қаңқасының принциптік сызбасын әзірлеу міндеттері қойылды[3].

Сәуір айында комиссия шетелдік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ интернет желісі арқылы халықаралық конкурс өткізілетіні туралы хабарлады. Конкурсқа шетел мемлекеттері мен ТМД елдерінен 50 қатысушы қызығушылық танытты. Жалпы саны 40 өтінім келіп түсті. Олардың ішінде 9 өтінім Қазақстаннан, 5-еуі Ресейден, 3-еуі Чехиядан, 2-еуі Беларусь, Украина, Пәкістан, Қырғызстан, Италия және Болгария елдерінен ұсынылды. Ал Жапония, Австралия, Өзбекстан, Германия, Франция, АҚШ, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Латвия, Польша және Біріккен Араб Әмірліктерінен бір-бір өтінімнен келіп түсті. Қатысушылардың барлық жобалары Конгресс-холлда көрмеге қойылып, кез-келген қызығушылық танытқан адам олардың мазмұнымен танысу мүмкіндігіне ие болды (Назарбаев 2005: 147; Участники… 2008: 164-172).

Жоғарыда көрсетілген конкурс өткізу мерзімдері мен талаптарына сәйкес, конкурстық комиссия қарауына 27 жоба ұсынысы қабылданды. Олардың барлығына алты таңбалы кодтар беріліп, құпияландырылды. Жеңімпазды анықтау мақсатында А.Р. Жақсыбеков төрағалық еткен Үкіметтік комиссия Ресей Федерациясының еңбек сіңірген сәулетшісі А.В. Виноградов басқаратын Сарапшылық кеңес және «KAZGOR» жобалау академиясының президенті А.Ш. Тәттіғұлов жетекшілік еткен қазылар алқасын құрды.

1998 жылғы 3 желтоқсанда Астана қаласының жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының тұжырымдамалық жобасына арналған халықаралық конкурсты өткізу жөніндегі Үкіметтік комиссияның қорытынды отырысы өтті. Отырыста қазылар алқасы сарапшылардың жиынтық қорытындысын ескере отырып және Мемлекет басшысының ұсынысы негізінде жүлделі орындарды төмендегідей бөлді:

Бірінші орын – Kisho Kurokawa Architect & Associates (сәулетші Кисё Курокава және серіктестері, Жапония) жобасына берілді.

Екінші орын – «Ақ орда» жобалау-құрылыс компаниясына (Қазақстан Республикасы) берілді.

Үшінші орын – Ресей Федерациясы Сәулет және құрылыс академиясының Орталық ғылыми-зерттеу жобалау және қала құрылысы институты ұсынған жобаға берілді (Ресей Федерациясы) (Протокол … 2008: 183-184).



Кисе Курокава (1934-2007)

Кисё (Кишо) Курокаваның жобасы мен сәулетшінің жеке тұлғасына толығырақ тоқталайық. Кисё Курокава 1934 жылы Жапонияның Каниэ елді мекенінде сәулетші отбасында дүниеге келген. Оның шын есімі Нориаки болғанын Қазақстан Президенті Н. Назарбаев өзінің «Еуразия жүрегінде» атты кітабында атап өтеді (Назарбаев, 2005: 147). Әлемге танымал сәулетші атанғаннан кейін Курокава әкесі Хиросима мен Нагасаки қалаларының американдық атом бомбалауы кезінде қираған ғимараттарын ауыр қабылдағанын еске алған. Болашақ мамандығын таңдаған Курокава сәулет өнерін жоғары оқу орындарында меңгерді. 1960 жылы ол Киёнори Кикутакэ, Фумихико Маки, Кэндзо Танге сияқты белгілі жапон сәулетшілері кірген бір топ пікірлес әріптестерімен бірге сәулеттегі жаңа бағыт – метаболизм ағымының негізін қалады. Метаболистер қаланы өзіне тән биологиялық үдерістері жүретін тірі ағза ретінде қарастырды. Олардың пікірінше, сәулет нысандары уақыт өте келе өзгеріп, тозатындықтан, архитектура тұрақты әрі өзгермейтін құрылым болмауы керек, оның элементтері жаңа бөлшектермен алмастырылып отыруы қажет. Өз жобаларында метаболистер әрдайым табиғатпен үйлесімділікке ұмтылумен ерекшеленетін жапон дәстүрлі сәулетінің бастау көздеріне назар аударды. 1960 жылы жарық көрген «Метаболизм манифесінде» сәулетшілердің болашақ қалалары туралы көзқарастары баяндалды. Олардың тұжырымдамасы

бойынша, мұндай қалалар жеке капсулалардан тұрып, мұхиттарда жүзіп немесе ғарыш кеңістігінде қозғала алатын құрылымдар ретінде елестетілді (Бадлуева 2009: 61-64).

Курокава АҚШ Сәулетшілер институтының құрметті мүшесі, Ұлыбритания Корольдік өнер академиясының құрметті мүшесі, Жапония өнер академиясының академигі, Жапония ландшафтты ұйымдастыру қоғамының төрағасы, Француз сәулет академиясының Алтын медалінің иегері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі болған. Курокаваның бұған дейін аталған ғимараттарынан бөлек, оның жобаларына Жапонияның Осака қаласындағы Ұлттық этнологиялық музей, «Sony» корпорациясының мұнарасы, Малайзияның Куала-Лумпур қаласындағы халықаралық әуежай ғимараты, Жапониядағы «Toyota Stadium» және Санкт-Петербургтегі «Зенит-Арена» футбол стадиондары, Сингапурдағы Republic Plaza зәулім ғимараты және басқа да көптеген танымал сәулет нысандары жатады (Назарбаев 2005: 147; Бадлуева 2009: 61-64).

Астана қаласының Бас жоспарына келетін болсақ, оның негізіне Кисё Курокаваның симбиотикалық және метаболистік қала туралы философиялық тұжырымдамасы алынған. Бұл тұжырымдаманың мәні – қаланы жобалауға деген жаңа көзқараста, яғни қала мен табиғатты бір-бірімен тығыз әрекеттесетін екі тірі ағза ретінде қабылдауға негізделген. Бас жоспарда қаланың радиалды-сақиналық композициялық құрылымы қарастырылды. Курокава жоспарының негізіне бірнеше сәулеттік қағидаттар енгізілді:

1. бір-біріне ұқсас, біркелкі типтегі ғимараттардың болмауы;

2. Астана – Батыс, Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік мәдениеттерінің үйлесімділігін көрсететін еуразиялық қала болуы тиіс, яғни әртүрлі мәдени дәстүрлердің механикалық қосындысы емес, олардың өзара сабақтасқан тұтастығы ретінде қалыптасуы қажет.

Жаңа Бас жоспардың негізгі қағидаттары: метаболизм, жаңару, симбиоз, экология және жаһандық экология болды. Мамандар жаңа қала Бас жоспарының бірнеше ерекше тұжырымдамалық қағидаттарын да атап көрсетеді. Олардың қатарында:

– қаланың ескі және жаңа бөліктері арасында композициялық бірлікке қол жеткізу;

– дамыған көлік магистральдары жүйесін қалыптастыру;

– Есіл өзенінің су-жасыл жүйесін сақтау бар.

Елорданың одан әрі дамуы республикалық-әкімшілік орталық және жаңа тұрғын аудан қызметтерін қатар атқаратын ірі қала құрылысы кешенін ұйымдастыру мақсатында сол жағалаудағы аумақтарды қарқынды игерумен айқындалды (Архитектура и строительство … 2004: 182).

Жапонияның халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттігі мен Астана қаласын дамыту корпорациясының сәулетші-ғалымдары «Қазақстан Республикасындағы Астана қаласын дамытудың бас жоспарын әзірлеу жөніндегі зерттеу» атты есепте қаланы дамытудың метаболистік тұжырымдамасын төмендегідей түсіндірген: «Метаболистік қала тұжырымдамасы сызықтық функционалдық аймақтарға бөлу әдісіне негізделеді. Бұл тәсілге сәйкес урбандалған өмір салты табиғи ортамен қатар үйлесімді түрде өмір сүреді. Осы арқылы қала өзінің әртүрлі құрылымдарының өсуімен шектелетін кеңістіктік шеңберлерден босатылады»[4].

Курокаваның Бас жоспарында Астана қаласын дамытуға бағытталған аса маңызды тұжырымдамалар төмендегідей болды:

1) Қазақстанның жаңа астанасының келбетіне сай келетін симбиотикалық қала қалыптастыру. Бұл тұжырымдама бірнеше бағыт арқылы көрініс тапты:

а) Қаланың ескі және жаңа бейнелерінің симбиозы. Жаңа қаланың құрылысы Есіл өзенінің сол жағалауындағы аумақта жоспарланды. Қолданыстағы инфрақұрылымды мүмкіндігінше пайдалану немесе қалпына келтіру көзделді. Бұл қаланың жаңа және ескі бөліктерінің үйлесімді дамуына мүмкіндік беріп, автордың пікірінше, даму шығындарын азайтуға және жаңа астананың қалыптасу қарқынын жеделдетуге жағдай жасады.

ә) Табиғат пен қаланың симбиозы. Жасыл желектерді сақтау, қалалық инфрақұрылымды дамыту және әртүрлі демалыс аймақтарын құру арқылы табиғи орта мен урбандалу үдерісінің үйлесімді қатар өмір сүруі жаңа қала аумағын қалыптастырудың негізгі қағидаты ретінде қарастырылды.

2) Сызықтық функционалдық аймақтарға бөлу әдісімен үйлескен метаболистік урбандалу тұжырымдамасы негізінде қаланың икемді даму жоспарын қалыптастыру.

Бұл тәсіл ұзақ мерзімді тұрақты құрылымдарды уақытша әрі алмастырылатын элементтермен қатар дамыту арқылы қаланың динамикалық өсуі мен өзгергіштігі қағидатына негізделген метаболистік үлгідегі қала қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл қағида тұрғындар қоныстану жүйесіне де, сәулеттік ансамбльдерге де қатысты қолданылды.

Осы бағытта мынадай ерекшеліктер ескерілді:

а) Қала жоспарын қалыптастырудағы негізгі тұжырымдама. Болашақ астананың бейнесін қалыптастыру барысында оның қызметін, рөлін және мәртебесін нақтылау аса маңызды болды. Жер пайдалану жоспарының басты қағидаты – қаланың екі бөлігінің үйлесімді симбиозын қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы нысандарды барынша тиімді пайдалану болды.

ә) Сызықтық функционалдық аймақтарға бөлу әдісіне негізделген метаболистік қала. Бұл тәсіл қаланың болашақтағы дамуына бейімделуге және функционалдық тепе-теңдікті сақтауға бағытталды. Осы мақсатта жоспарлау аймақтары сызықтық бағытта кеңейетін функционалдық бөлу әдісі қолданылды.

Жоспарлау құрылымдарына астананы жел мен құмды дауылдардан қорғайтын санитарлық-қорғау жасыл белдеулері, қолданыстағы өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жоғары технологиялық өндіріс орындары, жасыл аймақтар, қалалық құрылыстар, тұрғын үй массивтері, жаңа қала орталығы және экологиялық парк аумақтары енгізілді.

б) Еуразиялық осьтер. Бұл тұжырымдама жаңа астананың Еуразия құрлығының орталығындағы геосаяси орналасуын білдіретін көрінбейтін осьтердің болуын қарастырды. Теміржол вокзалынан оңтүстік бағытта басталатын қолданыстағы қалалық ось жаңа әкімшілік орталық салынатын аумақты қамтып, Есіл өзенінің оң және сол жағалауларын байланыстыруға, сондай-ақ жаңа астананың өткені мен болашағын біріктіруге тиіс болды.

в) Абстрактілі символизм. Бұл әдіс Қазақстанның дәстүрлі мәдени рәміздерін бейнелейтін қарапайым геометриялық пішіндерді пайдалануға негізделді. Мысалы, үшбұрыш пішіні көшпелі халықтардың әшекейлері мен киімдерінде жиі кездессе, конус пішіні бас киімдерде, ал сопақша немесе жартылай сопақша пішін ай мен жарты ай бейнесі арқылы Жер символын білдіреді.

Аталған әдісті пайдалану елорданың қазақ халқының мәдени және дәстүрлі мұрасын көрсетуіне, сондай-ақ халықаралық қала бейнесіне сәйкес келетін біртұтас ландшафт қалыптастыруына мүмкіндік берді[5].



Kisho Kurokawa architect & associates ұсынған Астана қаласының Бас жоспарының эскизі[6]

A draft master plan for the city of Astana presented by Kisho Kurokawa Architect & Associates[6]

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Кисё Курокаваның Бас жоспар тұжырымдамасын былайша сипаттайды: «...Жоғарыда аталған тұжырымдаманы жүзеге асырған жаңа астана – Астана XXI ғасыр қаласы, симбиотикалық қала ретінде қалыптасуы тиіс. Жаңа астана өзінің бастауын ескі Ақмола қаласының тарихы мен жаңадан бой көтерген Астана қаласының үйлесімінен алады. Оның қала құрылысы құрылымы «шығыс-батыс» бағытындағы теміржол осі және оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ағып жатқан Есіл өзенінің арнасы негізінде қалыптасады... Жаңа астана Астана қаланы бойлай өтетін өзен жағасында орналасады, бұл жағынан ол Сена, Темза немесе Мәскеу өзендері арқылы танымал қалаларға ұқсас болады». Мұндай кеңістіктік түсініктің негізгі тірек элементтері төрт көлемдік-кеңістіктік композициядан тұрады: Президент резиденциясы, Әкімшілік ғимараты және Парламент ғимараты (шығыс жағында орналасып, орталықтың «қақпасы» қызметін атқарады), Тәуелсіздік алаңы Монументімен (Бәйтерек – авт. ескертпесі) және цирк ғимараты орналасқан мәдени-ойын-

сауық алаңы. Осы нысандармен үйлесімді байланыста ғимараттардың биіктіктерінің ауысу ырғағы реттеліп, бұл құрылыс кешенінің көлемдік-кеңістіктік композициясына динамикалық мәнерлілік береді. Қаланың орталығы «концерттік» орындауға ұқсас ерекше ырғақтық композиция қағидаты бойынша жобаланды: қарқынның өзгеруі, музыкалық вариациялар қалалық ортаның өзіндік атмосферасын қалыптастыруы тиіс болды. Аспан көкжиегінің шартты фоны – аспан кеңістігінің биіктігі, қаланың серпінді тіршілігі, кеңістіктік сәулеттік доминанттары бар саябақтардың тыныштығы мен әсемдігі арқылы көрініс табады. Бұл жүйеге батыс бөліктегі цирк аймағы, Мемлекеттік тәуелсіздік саябағындағы Монумент, Президент Әкімшілігі мен Парламент ғимараттары (салтанатты қақпа әсерін қалыптастыратын нысандар) және Президент резиденциясы кіреді. Үкіметтік орталықтың шығыс-батыс осі бойында орналасқан Орталық қалалық саябақта әртүрлі су құрылғылары (субұрқақтар, сарқырамалар) қарастырылды. Олар сәулеттік ортаның көркемдік әр алуандығын арттырып, шағын климатты жақсартып, саябақтар мен гүлзарлардың кеңістігін жандандыруға ықпал етуі тиіс болды (Назарбаев 2005: 149-150).

Қазақстандық сәулетшілер Ш. Матайбеков пен Б.Ф. Досмағамбетов Кисё Курокаваның Қазақстан астанасының Бас жоспарын халықаралық конкурсқа әзірлеу барысында «симбиоз», «метаболистік қала» және «абстрактілі символизм» сияқты негізгі тұжырымдамалық санаттарға сүйенгенін атап көрсетеді. Сонымен қатар Кисё Курокава қала мен табиғат арасындағы симбиотикалық байланысты қалыптастыру, қаланың сәулеттік бейнесіндегі ескі және жаңа бастау элементтерін үйлестіру мақсатында урбанистік және сәулеттік дамуды жергілікті табиғи ортамен үйлесімді байланыстыруға ұмтылды. Ол экожүйені және қолданыстағы өзен арналарын сақтай отырып, қаланың қоршаған ортамен тепе-теңдікте дамуын қамтамасыз етуді көздеді. (Матайбеков 2006: 18-19; Досмагамбетов 2011: 86).

2001 жылғы 15 маусымда Жапонияның халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттігінің зерттеу тобы «Kisho Kurokawa architect & associates» әзірлеген Астана қаласының Бас жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілді.

Қорытынды

Әлемге әйгілі сәулетшінің Астананың дамуына қосқан зор үлесі туралы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2007 жылғы 17 қазанда К. Курокаваның қайтыс болуына байланысты Жапония Премьер- Министрі Ясуо Фукудаға жолдаған көңіл айту жеделхатында айтылған сөздері айқын дәлел бола алады: «Астана қаласының Бас сәулеттік жоспарын әзірлеуші ретінде Курокава мырза жас елордамыздың дамуына үлкен үлес қосты және оның есімі Қазақстан Республикасының сәулет және қала құрылысы тарихына мәңгілікке жазылып қалады» (Редькин 2013). Сонымен қатар Қазақстан Президенті Кисё Курокава жоспарына баға бере отырып, былай деп атап өтті: «Курокава ұсынған, қаланың радиалды-сақиналық композициясы мен оның пішіндерінің серпінділігін негізге алған Бас жоспар маған көп жағынан жақын. Себебі ол біздің ұлттық болмысымызға тән, көшпелі ата-бабаларымыздан мұра болып қалған динамикалық сезімді және қаланың орталық бөлігінің өзіндік ландшафтын ескереді. Бұл ландшафт маған ежелгі көшпелі халықтардың қоныстарының сұлбасын еске түсіреді» (Назарбаев 2005: 150-151).

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, К. Курокаваның Бас жоспары Қазақстан астанасының сәулеттік дамуының қала қалыптастырушы негізіне айналды деп атап өтуге болады. Шығармашылық тұрғыдан ұсынылған бұл жоспар қала сәулеті мен табиғи ортаның үйлесімділігін ғана емес, сонымен қатар ұлттық ерекшелікті және халқымыздың тарихи сабақтастығын да бейнеледі. Біздің пайымдауымызша, дәл осы ерекшеліктер Кисё Курокаваның Астана қаласының жаңа орталығының Бас жоспарының тұжырымдамалық жобасына арналған конкурс жеңімпазы атануына басты себептердің бірі болды.

Acknowledgements

The authors express their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру

Авторлар мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности

Авторы благодарят за научно-редакторское сопровождение статьи.

Ескертпелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві (бұдан әрі – ҚР ҰА). Халықаралық конкурс өткізу мәселелері туралы. 51-қор, 1-тізімдеме, 1-іс, 1-2-парақ.
2. ҚР ҰА. Ақмола қаласының жаңа орталығын дамытудың Бас жоспарының тұжырымдамалық жобасына арналған халықаралық конкурсты өткізудің негізгі ережелері. 51-қор, 1-тізімдеме, 1-іс, 4-5-парақ.
3. ҚР ҰА. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласының жаңа орталығын дамытудың Бас жоспарының тұжырымдамалық жобасына арналған халықаралық конкурс. 90-қор, 1-тізімдеме, 14-іс, 3-парақ.
4. ҚР ҰА. Халықаралық конкурс аясындағы астана дамуының тұжырымдамасы. 90-қор, 1-тізімдеме, 60-іс, 20-парақ.
5. ҚР ҰА. Доктор Курокаваның Астана қаласын дамытуға ұсынған тұжырымдамалары. 90-қор, 1-тізімдеме, 60-іс, 21–23-парақ.
6. ҚР ҰА. Kisho Kurokawa architect & associates ұсынған Астана қаласының Бас жоспарының эскизі. 90-қор, 1-тізімдеме, 14-іс, 9-парақ.

Әдебиеттер тізімі

Алпыспаева Г.А. *Астана в новое и новейшее время*. Астана. 2008. 276 с.

Алпыспаева Г.А., Саяхимова Ш.Н., Туксаитова Р.О. *Культурное пространство Акмолы, Целиноградa, Астаны: история становления и развития.* Под общей редакцией Г.А. Алпыспаевой. ДАННЫЕ ИЗД-ВА

Архитектура и строительство Казахстана: Фотокнига. Алматы: Редакция «Золотая Книга». 2004. 488 с.

Бадлуева В. *Философия симбиоза Кисё Курокавы. Вестник Томского государственного университета.* 2009. No.329, pp.61-64.

Благовидова Н., Иванова О. *Семантический аспект формирования идентичности архитектурно-пространственной среды новых городов-столиц.* Часть 2. Преемственность и идентичность. Academia. Архитектура и строительство. 2024. No1, с.147-158.

Дадырова А.А., Мухтарова Г.С., Омарова Ж.Н. *Онтология столицы Казахстана: квинтэссенция традиций и современности.* Баландинские чтения. 2020. Том.15. С.314-322.

Дирксен Л. *Характер взаимодействия экологии культуры и экологического сознания в деятельности будущих дизайнеров*. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. 2016. No.7-3, с.469-474.

Досмагамбетов Б. *Звезда Астаны на небосклоне мировых столиц. (в соответствии с градостроительными и архитектурными стандартами XXI века).* Вестник. Зодчий. 21 век. 2011. No.4(41), с.16-27.

Закирова Ю., Хакимова Т. *Влияние футурологических концепций на градостроительное планирование XX-XXI вв. Известия Казанского государственного архитектурно-строительного университета*. 2018. No.1(43), с.112-119

Иванова О.А. *Особенности формирования архитектурного образа Астаны – новой столицы Казахстана. Вестник Белгородского государственного технологического университета им. В.Г. Шухова.* 2017. No.2, с.97-105.

Ильясова К.М., Багдатова С.А. *Астана – новая столица.* Вспомогательное учебное пособие. Астана: «Типография Стимул». 2017. 340 с.

Ипполитов С. *Промышленный дизайн и архитектура Республики Казахстан: национализация визуальной среды. Художественное наследие. Исследования. Реставрация. Хранение*. 2023. No.2(6), с.43-56

Кравченко В., Першина И. *Архитектурный метаболизм Кисё Курокава. Будущее науки – 2013: материалы Международной молодежной научной конференции.* Курск, 23–25 апреля 2013 года. Ответственный редактор: Горохов А.А.. Том.2. Курск: Закрытое акционерное общество "Университетская книга". 2013. С.149-151.

Матайбеков Ш. *Архитектура Астаны: поиск, идеи, направления развития в XXI веке* . Архитектура. Строительство. Дизайн. 2006. No.1(42). С. 16-23.

Мулдагалиева А., Мамедов С., Мусабаев Т., Баракбаев А*. Основные проблемы градостроительного планирования города Астаны (в контексте генерального плана К.Курокавы). Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Технические науки и технологии.* 2024. No.4(149), с.215-230.

Назарбаев Н.А. *В сердце Евразии – Алматы:* Атамұра. 2005. 192 с.

Нещадим М. Самойлов К. *Формирование творческого подхода К. Курокава к формообразованию. Наука и образование сегодня.* 2021. No.1(60), с.89-93.

Нещадим М. Е., Самойлов К.И. *Характерные приемы формообразования в проектах различных периодов творчества К. Курокава. Процветание науки.* 2022. No.5(11), с.70-80.

Протокол № 3 заседания правительственной комиссии по проведению международного конкурса на эскиз-идею генерального плана развития нового центра города Акмолы. В: Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов. Астана. 2008. No.135. С.183 – 185.

Редькин Г. *Улица имени Кисе Курокава.* Дата публикаций: 15.02. 2013. URL: https://avestnik.kz/ulitsa-imeni-kise-kurokava/?ysclid=mruvn584qr51017094 (Дата обращения: 20.07. 2026)

Табыс Т., Мауленова Г., Самойлов К. *Архитектурные особенности административного центра Астаны: региональный анализ. Наука и образование сегодня*. 2023. No.3(77), с.36-40.

Тюрин С., Назаров Ю., Корнилова А. *Формирование художественно-коммуникационной среды города Астаны в контексте реализации градостроительного проекта Кисё Курокавы. Academia. Архитектура и строительство*. 2018. No.3, с.100-106.

Участники международного конкурса на эскиз-идею генерального плана нового центра города Акмолы / Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов. Астана, 2008. No.126. С.164-172.

References

Алпыспаева Г.А. *Астана в новое и новейшее время.* Астана. 2008. 276 с.

Алпыспаева Г.А., Саяхимова Ш.Н., Туксаитова Р.О. *Культурное пространство Акмолы, Целинограда, Астаны: история становления и развития.* Под общей редакцией Г.А. Алпыспаевой. ДАННЫЕ ИЗД-ВА

Архитектура и строительство Казахстана: Фотокнига. Алматы: Редакция «Золотая Книга». 2004. 488 с.

Бадлуева В. *Философия симбиоза Кисё Курокавы*. Вестник Томского государственного университета. 2009. No.329, pp.61-64.

Благовидова Н., Иванова О. *Семантический аспект формирования идентичности архитектурно-пространственной среды новых городов-столиц.* Часть 2. Преемственность и идентичность. Academia. Архитектура и строительство. 2024. No1, с.147-158.

Дадырова А.А., Мухтарова Г.С., Омарова Ж.Н. *Онтология столицы Казахстана: квинтэссенция традиций и современности. Баландинские чтения.* 2020. Том.15. С.314-322.

Дирксен Л. *Характер взаимодействия экологии культуры и экологического сознания в деятельности будущих дизайнеров.* Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. 2016. No.7-3, с.469-474.

Досмагамбетов Б. *Звезда Астаны на небосклоне мировых столиц. (в соответствии с градостроительными и архитектурными стандартами XXI века).* Вестник. Зодчий. 21 век. 2011. No.4 (41), с.16-27.

Закирова Ю., Хакимова Т. *Влияние футурологических концепций на градостроительное планирование XX-XXI вв. Известия Казанского государственного архитектурно-строительного университета.* 2018. No.1(43), с.112-119

Иванова О.А. *Особенности формирования архитектурного образа Астаны – новой столицы Казахстана. Вестник Белгородского государственного технологического университета им. В.Г. Шухова.* 2017. No.2, с.97-105.

Ильясова К.М., Багдатова С.А. *Астана – новая столица. Вспомогательное учебное пособие.* Астана: «Типография Стимул». 2017. 340 с.

Ипполитов С. *Промышленный дизайн и архитектура Республики Казахстан: национализация визуальной среды. Художественное наследие. Исследования. Реставрация. Хранение.* 2023. No.2(6), с.43-56

Кравченко В., Першина И. *Архитектурный метаболизм Кисё Курокава. Будущее науки – 2013: материалы Международной молодежной научной конференции.* Курск, 23-25 апреля 2013 года. Ответственный редактор: Горохов А.А.. Том.2. Курск: Закрытое акционерное общество "Университетская книга". 2013. С.149-151.

Матайбеков Ш. *Архитектура Астаны: поиск, идеи, направления развития в XXI веке . Архитектура. Строительство. Дизайн.* 2006. No.1(42). С. 16-23.

Мулдагалиева А., Мамедов С., Мусабаев Т., Баракбаев А. *Основные проблемы градостроительного планирования города Астаны (в контексте генерального плана К.Курокавы). Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Технические науки и технологии.* 2024. No.4(149), с.215-230.

Назарбаев Н.А. *В сердце Евразии – Алматы:* Атамұра. 2005. 192 с.

Нещадим М. Самойлов *К. Формирование творческого подхода К. Курокава к формообразованию. Наука и образование сегодня.* 2021. No.1(60), с.89-93.

Нещадим М. Е., Самойлов К.И. *Характерные приемы формообразования в проектах различных периодов творчества К. Курокава. Процветание науки.* 2022. No.5(11), с.70-80.

Протокол № 3 заседания правительственной комиссии по проведению международного конкурса на эскиз-идею генерального плана развития нового центра города Акмолы. В: Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов. Астана. 2008. No.135. С.183-185.

Редькин Г. *Улица имени Кисе Курокава.* Дата публикаций: 15.02. 2013. URL: https://avestnik.kz/ulitsa-imeni-kise-kurokava/?ysclid=mruvn584qr51017094 (Дата обращения: 20.07. 2026)

Табыс Т., Мауленова Г., Самойлов К. *Архитектурные особенности административного центра Астаны: региональный анализ. Наука и образование сегодня*. 2023. No.3(77), с.36-40.

Тюрин С., Назаров Ю., Корнилова А. *Формирование художественно-коммуникационной среды города Астаны в контексте реализации градостроительного проекта Кисё Курокавы.* Academia. Архитектура и строительство. 2018. No.3, с.100-106.

Участники международного конкурса на эскиз-идею генерального плана нового центра города Акмолы / Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов. Астана, 2008. No.126. С.164-172.

Information about the author

Kuanysh G. Akanov – PhD, academic secretary at the Republican State Enterprise on the Right of Economic Management "Research Institute for Jochi Ulus Studies" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 15B A. Pushkin Street, 010000, Astana, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-5169-1388, gazizuly85@mail.ru

Автор туралы мәлімет

Қуаныш Ғазизұлы Ақанов – PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК ғылыми хатшысы, А. Пушкин көшесі, 15Б, 010000, Астана, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-5169-1388, gazizuly85@mail.ru

Сведения об авторах

Куаныш Газизович Аканов – ученый секретарь РГП на ПХВ «Научный институт изучения Улуса Джучи» КН МНВО РК, А. Пушкина, 15Б, 010000, Астана, Казахстан, Научный институт изучения Улуса Джучи, ул. Туркестан, 2, Астана, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-5169-1388, gazizuly85@mail.ru

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. ***/ Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.04.2026
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 11.05.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.06.2026